

## Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1107 Қаулысы.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2004 жылғы 29 қыркүйектегі N 1449 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитеті Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті болып қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің жер қойнауын қорғау және пайдалану аумақтық басқармалары - мемлекеттік мекемелері Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің аумақтық геология және жер қойнауын пайдалану басқармалары - мемлекеттік мекемелері болып қайта ұйымдастырылсын.

3. Қоса беріліп отырған:

1) (Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы N 1278 Қаулысымен).

2) (Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы N 1278 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулысымен).

3) Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі;

4) Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің мемлекеттік мекемелері - аумақтық органдарының тізбесі бекітілсін.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.12.24 N 1278 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз), 2008.05.12 N 437 Қаулыларымен.

4. (Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы N 1278 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулысымен).

5. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

6. "Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 ақпандағы N 232 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 6, 69-құжат) күші жойылды деп танылсын.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2004 жылғы 28 қазандағы  
N 1107 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы  
Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің  
Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті туралы  
ереже**

**Ескерту. Ереже алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы N 1278 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2004 жылғы 28 қазандағы  
N 1107 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы  
Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі  
Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің  
құрылымы**

**Ескерту. Құрылымы алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы N 1278 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2004 жылғы 28 қазандағы  
N 1107 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы  
Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі**

## **Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі**

1. "Қазгеоақпарат" республикалық геологиялық ақпарат орталығы" мемлекеттік мекемесі.
2. Шаруашылық жүргізу құқығындағы "Геология және минералдық ресурстар ақпараттық-талдау орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны.
3. Шаруашылық жүргізу құқығындағы "Мамандандырылған гравиметриялық кәсіпорын" республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2004 жылғы 28 қазандағы  
N 1107 қаулысымен  
бекітілген

**Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2008.05.12 N 437 Қаулысымен.**

## **Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің мемлекеттік мекемелері - аумақтық органдарының тізбесі**

1. "Шығысқазжерқойнауы" Шығыс Қазақстан геология және жер қойнауын пайдалану өңіраралық аумақтық департаменті;
2. "Батысқазжерқойнауы" Батыс Қазақстан геология және жер қойнауын пайдалану өңіраралық аумақтық департаменті;
3. "Солтүстікқазжерқойнауы" Солтүстік Қазақстан геология және жер қойнауын пайдалану өңіраралық аумақтық департаменті;
4. "Орталыққазжерқойнауы" Орталық Қазақстан геология және жер қойнауын пайдалану өңіраралық аумақтық департаменті;
5. "Оңтүстікқазжерқойнауы" Оңтүстік Қазақстан геология және жер қойнауын пайдалану өңіраралық аумақтық департаменті.